

*** Тақырып 12. Валюталық операциялар**

* Валютамен байланысты операциялар келесі түрлерге бөлінеді:

* **1) Кассалық («spot» мәмілесі)** – сатып алушы сатушыдан шетел валютасын сол мезетте алатын келісімшарт, әдетте ол ұлттық валютада төленгеннен кейін екі жұмыс күнінің ішінде беріледі.

* **2) «Своп» операциялары** – кейін қайта сатып алу міндетімен шетел валютасын ұлттық валютаға қолма-қол сатып алу.

*3) Мерзімді:

- * - **форвардтық** – белгілі бір валюта сомасын сату сатып алуда келісімшарт жасасқан күн мен орындалу күні арасында уақыт интервалы болады, келісімшарт жасасқан күндегі валюта курсы бойынша төленеді.
- * - **фьючерстік** – биржадағы жедел мәміле, белгілі бір валютаны келісімшарт жасасқан кездегі курс бойынша белгілі бір уақытта орындалатын сату-сатып алу келісімшарты.
- * - **опциондық** – опционды сатып алушы мен валютаны сатушы арасындағы мәміле, онда опционды сатып алушыға шарттасқан уақыт аралығында белгілі бір валюта сомасын анықталған бағам бойынша сатуға құқық береді.

* **Спот** – бұл мәміле жасалған кезде тіркелген курс бойынша, валюталық мәміле жасалған күннен кейін екі күн ағымында банк-контрагенттермен жеткізу шартында валютаны сату-сатып алуға негізделген валюталық операция

* **Форвард** – бұл валюта мәміле жасалған сәтте тіркелген курс бойынша болашақта түсетін, банктермен келісім шарт негізінде жасалатын биржадан тыс валюталық операция.

- * **Форвардтық курс** – бұл мәміле жасалу сәтіндегі спот курстан және премия немесе дисконттан тұратын курс.
- * Форвардтық курс спот курстан жоғары болса, онда бұл премия деп аталады
- * Форвардтық курс спот курстан төмен болса, онда бұл дисконт деп аталады
- * **Форвардтық маржа** – бұл форвардтық курс пен спот курс арасындағы айырмашылық.

* Кассалық **конверсиондық** валюта операциялары – есеп айырысуды белгілі бір күні шарттасқан бағам бойынша валюта нарығының қатысушыларының бір мемлекеттің ақша бірлігін басқа мемлекеттің ақша бірлігіне айырбастау мәмілесі.

* Заңды мағынада конверсиондық операциялар валюталарды сату-сатып алу мәмілесі болып табылады.

- * Мерзімі бойынша конверсиондық операциялар екі топқа бөлінеді:
- * А). СПОТқа ұқсас операциялар немесе ағымдағы **конверсиондық** операциялар- спот шарты бойынша жүзеге асырылады, яғни валюталау күнінен бастап мәміле жасасқан күннен кейін екі жұмыс күніне дейін. Ағымдағы конверсиондық операциялардың халықаралық нарығы спот-нарық (spot-market) деп аталады. Мәміле контрагенттері үшін спот есеп айырысу шарттары өте ыңғайлы. Қазақстанда және бірнеше дамушы елдердің тәжірибесінде конверсиялық операциялар бойынша есептесу өзгеше.

* Доллар/Рубль нарығындағы ағымдық (кассалық) мәмілелер «бүгін» (today), «ертең» (tomorrow) валюталау датасымен және тек кей кездері спот бойынша орындалады.

* Б). Форвардтық немесе жедел конверсиондық операциялар – алдын ала келісілген бағам бойынша валюталарды айырбастау мәмілесі, ол бүгін жасалады, бірақ валюталау күні (яғни келісімшарттың орындалуы) белгілі бір мерзімге қалдырылады.

- * **Аутрайт** – бұл мәміленің қатысушы жақтарымен қатаң анықталған мерзімде форвард курсы бойынша төлемдерді қарастыратын, қарапайым мерзімді валюталық мәміле.
- * Валютный своп (FX swap) мәмілесі— олардың үлесі 83 %, яғни форвардтық операцияның көп үлесін алады.
- * «**Овернайт**» мәмілесі — келесі күні міндетті түрде қайта сату (сатып алу) шартымен бағалы қағаздарды сатып алу (сату) мәмілесі — екеуі де қолма-қол болады (біріншісі — today, екіншісі — tomorrow).
- * **СВИФТ** жүйесі негізіндегі операциялар.

* **Фьючерстік операциялардың форвардтық мәмілелерден ерекшеліктері:**

❖ ол биржалық нарықта жүзеге асырылады

❖ мәмілеге қатысушылары белгісіз

❖ нарықта жеңіл сатылады

❖ барлық мәмілелер жаңа нарықтық баға бойынша күнделікті саналып отырады

* **Фьючерс** – бұл мәміле жасау сәтінде тіркелген баға бойынша, болашақта белгілі уақыт өтісімен активтерді сату-сатып алу бойынша биржалық мерзімді операциялар.

Опцион – бұл мәміледе көрсетілген уақытта валютаны сату немесе сатып алу құқығы.

- * Опциондық курс **страйк** деп аталады
- * Страйк бағамен салыстырғанда айырбас құнының өсуі, бұл **апсайд** деп аталады
- * Страйк бағамен салыстырғанда айырбас құнының төмендеуі, бұл **даунсайд** деп аталады.
- * Опцион типтері: **колл, пут, стеллаж**

* Опцион **колл** – бұл валюта курсының потенциалды жоғарлауынан қорғау үшін опционды сатып алушының валютаны сатып алу құқығын білдіретін опцион

* Опцион **пут** – бұл валюта курсының потенциалды құнсыздануынан қорғау үшін опционды сатып алушының валютаны сату құқығын білдіретін опцион типі

- * **Опцион стеллаж** – бұл базистік баға бойынша опционды сатып алушының валютаны сату немесе сатып алу құқығын білдіретін опцион
- * **Кэп опциондар** – бұл ұзақ мерзімді перспективада процент ставкасының (немесе валюта курсының) жоғарылауын хеджирлеуге болатын, көп кезеңді опциондар

- * **Ағымдағы валюталық операциялар** (төлем балансының ағымдағы операциясы бойынша):
- * **а)** тауарлардың экспорты мен импорты бойынша есеп айырысуларды жасау үшін шетел валюталарын ҚРна және ҚРнан аудару, сонымен қатар экспорттық – импорттық операцияларды 90 күннен артық емес несиелеумен байланысты есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін;
- * **б)** қаржылық несиелерді 180 күнге дейін алу және ұсыну
- * **в)** капитал қозғалысымен байланысты операциялардың пайыздарын, дивидендтерін, басқа да табыстарды ҚРна және ҚРнан аудару;
- * **г)** ҚРна және ҚРнан саудамен байланысты емес аударымдар – еңбекақыны, стипендияны, пенсияны, алименттерді және т.б. төлеу.

*** Саудалық емес операциялар – сыртқы экономикалық операцияның түрі, оның объектісі тауарлы-материалдық құндылықтар емес, қызмет көрсету мен қызмет түрі болып табылады.**

*** Саудалық емес операцияға жататындар: байланыс қызметі үшін ақшалай есептесу, транспорттық қызмет көрсетулердің кейбір түрлері, гастрольдік қызмет, қаржылық несиелерді жабу және т.б.**

*Капиталдық операциялар

- * Капитал қозғалысымен байланысты операциялар:
- * а) тура инвестициялар, яғни кәсіпорынның жарғылық капиталына пайда алу және басқаруға қатысу құқығын алу үшін жасалатын салымдар;
- * б) портфельдік инвестициялар, яғни бағалы қағаздарды сатып алу;
- * в) меншікке ғимаратты, құырылысты және басқа да мүлікті оның жері мен оның қойнауын сатып алудағы аударымдар;
- * г) тауарларды экспортта мен импорты бойынша төлем мерзімін 90 күннен артық мерзімге ұзартуды ұсыну мен алу;
- * д) қаржылық несиелерді 180 күннен артық мерзімге ұсыну және алу;
- * е) ағымдағы валюталық операцияларға жатпайтын өзге де

* **Валюталық дилинг** — уақыт аралығындағы валюта бағамының ауытқуынан пайда алу мақсатымен әлемдік валюталық нарықта валюта құралдарын сату және/немесе сатуға бағытталған операциялар.

* Сатып алу мен сату бағасы арасындағы айырмашылық – бұл жүргізілген операцияның пайдасы немесе залалы болып табылады. Сондықтан трейдер белгілі бір валютаны арзанға сатып алып, қымбатырақ бағамен сатуға тырысады.

* **[Валюталық дилингтен түскен пайда = Сату бағасы — Сатып алу бағасы]**.

- * Валюталық дилинг тез пайда алудың үлкен мүмкіндіктеріне жол ашады. Алайда бағам қозғалысы болжамының кері бағытта жүру тәуекелі де бар. Тәуекелді азайту үшін стоп ордер (stop loss order) құралы кеңінен қолданылады.
- * Валюталық сауданың қатысушылары жеке тұлғалар да, компаниялар да бола алады. Саудаларға қатысу тек дилингтік орталықтар, дилингтік компаниялар мен банктердің дилингтік бөлімдері арқылы ғана жүзеге асырылады, себебі олардың белгілі бір құқықтары бар.

* *Дилингтік орталық* – бұл клиенттерге forex нарығына кіруге мүмкіндік беретін делдал-компания. Егер клиент әлемдік нарыққа шығуға әлі дайын еместігін сезінсе, онда брокердің қызметіне жүгінуіне болады.